

**Бұрын қабылданған, аудан әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 27/1 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 64/3а қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұрын қабылданған, Ертіс ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы "Ертіс ауданы әкімдігінің атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" № 27/1 қаулысының (Павлодар облысы Әділет департаментінің нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 20 ақпанында № 4314 тіркелген , 2015 жылдың 28 ақпандағы аудандық "Ертіс нұры" газетінің № 8 және "Иртыш" газетінің № 8 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды аудан әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Б. Шәріпов*